ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 4 қараша №7119-24-00-2/13383 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.К. Кусманова оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің "Мамандандырылған балалар үйі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Сабанова Мадина Абдухоликовна Жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің, 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің "Мамандандырылған балалар үйі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жауапкер Сабанова Мадина Абдухоликовна Жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы толық қанағаттандырылсын.

Сабанова Мадина Абдухоликовна Жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Сабанова Мадина Абдухоликовна жеке кәсіпкерден мемлекет кірісіне 7 980 (жеті мың тоғыс жүз сексен) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін, 2 085 (екі мың сексен бес) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот

шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **А.К. Кусманова**

Көшірме дұрыс
Анықтама: Сот шешімі 2024 жылдың 9 желтоқсанында заңды күшіне енді.

Судья **А.К. Кусманова**

Құжатқа қол қойылған: Кусманова А. К., 04.11.2024